

Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

Су жағалаудан кеткесін, ешқашан қайтып келмейді. Еріген мұз суы таудан ағып келіп, Өму мен Сырдария арналарына қосылады. Сөйтіп Азия шөлейтінің ортасында орналасқан су қоймасы — Арал теңізіне құяды. Бұл теңіз аймақтағы тіршілікті сақтап келген. Енді сол теңіз суы адам қолынан құрғап барады. Оның арнасы қайта толады дегенге үміт бар. Арал теңізін сақтау үшін табиғаттың осынау мол суын жарты ғасыр бойы адамдар қалай болса солай пайдаланды. Мөлдір сулы бұл су қоймасы ыстық құмдардың ортасында адамдар мен жануарларды сақтау үшін жаратылғандай еді. Арал теңізінің құрғап қалған түбінің ауданы 40 шаршы километрге дейін жетті. Жер қыртысын жапшай тұз басып кетті. Тартылып қалған теңіз түбінен жыл сайын 50-ден 240 миллионға дейінгі тұз бен топырақ желмен ауаға тарап жатады. Теңіз тартылып барады, су бұрынғы жағалаудан 15—20 шақырымдай алыстап кеткен. Арал теңізінің тағдыры адам тағдырына тікелей байланысты.

*(О. Жанайдаров )*